

1 2008  
343 к



Алаш тұрасы

НОҒАЙБАЙ

СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІ

# НОҒАЙБАЙ

---

# СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ

ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

А.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН  
ЖАНДАҒЫ “ОТЫРАР” КІТАПХАНАСЫ  
ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ



# НОҒАЙБАЙ

---

# СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ

Өлеңдер, айтыстар  
Ақын туралы мақалалар



АЛМАТЫ "ЕЛ-ШЕЖІРЕ" 2007

“Алаш мұрасы” сериясының редакциялық алқасы: М. Кұл-Мұхаммед, Е. Ертісбаев, Н. Оразов, Ф. Әнес, С. Қасқабасов, М. Қойгелдиев, Д. Әшімханұлы, С. Қирабаев, К. Нұрпейіс, Р. Нұрғалиев.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы “Отырар кітапхансы” ғылыми орталығында дайындалып, университеттің ғылыми кеңесінде бекітілген.

**Жобаның ғылыми жетекшісі және жауапты шығарушысы** – ф.ғ.д., профессор Т. Қ. Жұртбай.

**Ғылыми редакторы** – ф.ғ.к. И. Нұрахмет.

**Жинақты құрастырып, қолжазбаны баспаға дайындаған** – Салтанат Шоқыбаева.

**Пікір жазғандар:** ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор С.С.Қирабаев, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор Р.Ф.Нұрғали.

**Н 66** / Ноғайбай ақын. — Алматы /: “Ел-шежіре” баспасы, 2007. — 168 бет.

ISBN 9965-9997-9-1

Бұл жинақта ХХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген, зарзаман әдеби ағымының аса көрнекті өкілі, “көшпелілер әлемінің Гомері” атанған Ноғайбай ақынның өлеңдері мен айтыстары және ол туралы жазылған мақалалар тұңғыш рет жинақталып оқырман назарына ұсынылып отыр.

4702250102  
Н \_\_\_\_\_ хабарландырусыз—2007  
00(05)-07

ББК 84 Каз 7-5

ISBN 9965-9997-9-1

© Ноғайбай ақын, 2007  
© “Отырар кітапхансы”, 2007  
© “Ел-шежіре”, 2007



## Ноғайбай Сүлейменұлы

(1855 – 1919-23жж. ?)


Шығармалары әдеби қауымға толық таныс бол-маса да, ғылыми ортаны ынтықтырып, назарын аударған зар заман ағымы өкілінің бірі – Ноғайбай ақын. Өлеңдері Алтай, Тарбағатай аймақтарында айтылып жүргенімен, жалпы шығармашылық өмірі көмескіленіп қалған ақынның есімін “аңызға айналдырған” – орыс ғалымы А.Ивановскийдің 1889 жылы “Этнографическое обозрениде” басылған мақаласы. Сондай-ақ, Г.Тверитиннің аудармасы мен А.Алекторовтың пікірінен кейін Жамбыл жоғары бағалап, Ә.Марғұланды мұраларын жинауға ұмтылған. Ноғайбайдың есімі жарты ғасыр бойы ескерілмей келді. Белгілі тарихшы, кітаптанушы Ә.Жиреншин А.Ивановскийдің “Қазақтың халық ақын-әншісі Ноғайбай” атты мақаласын тұңғыш рет ғылыми айналымға түсіргеннен соң барып өнертанушылардың ықыласына ілікті. Сол мақаланың негізінде А.Жұбанов, В.Беляев, Б.Ерзакович пікір білдірді. Алайда, ақынның мұралары табылмады да, зерттеушілер тұйыққа тіреле берді. Сеннің бұзылуына қозғау салған ғалым С.Ақатайдың зағиптар қоғамының “Еңбек таңы” журналының 1985 жылғы №11 санындағы “Ұрығын адалдықтың еккен ақын” атты мақаласы болды. Халық мұрасының қамқоры Сапарғали Сырымбетов ел ішінде сақталған мұраларын жинастырып, жариялауға ұмтылады. Алайда, талпынысы сәтсіз аяқталып, үміті үзіледі. Ақыры қолжазбаны белгілі ақын Әубәкір Нілібаевқа аманат етіп тапсырып, елге қайтады. Тәуелсіздік алған соң Ноғайбайдың өлеңдері мен дастандары “Еңбек туы”, “Жас қазақ”, “Егемен Қазақстан” газеттерінде ақынның алғы-сөзімен жарияланды. Ә.Нілібаев С.Сырымбетов жинақтаған Ноғайбай ақынның өлеңдері мен дастандарын, айтыстарын 2002 жылы “Отырар

кітапханасы” ғылыми орталығының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырды. Ғылыми орталықтың ізденуші-зерттеушісі С.Шоқабаева Ноғайбай ақынның шығармашылық өмірі туралы деректерді жинастырып, библиографиялық көрсеткіш жасады. Ақын өлеңдеріне мәтіндік салыстырулар жүргізіп, зерттеулер мен пікірлерді жинақтап, Ноғайбайдың шығармалары мен ол туралы мүмкіндігінше толық мағлұмат беретін деректердің басы қосылып тұңғыш рет оқырмандар назарына ұсынылып отыр.

Бұл топтама жүз жыл бойы еленбей келген Ноғайбай ақынның шығармашылық мұрасын ғылыми зерттеуге, әдебиеттегі орнын анықтауға жол ашады деп үміттенеміз.

**Т. ЖҰРТБАЙ**

*“Отырар кітапханасы” ғылыми зерттеу орталығының директоры, ф.ғ.д., профессор.*



## Бірінші бөлім

ӨЛЕНДЕР,  
ДАСТАНДАР,  
АЙТЫСТАР





## Кең далам

Кең далам, байтақ елім – туған анам,  
Тербетіп бесік бауын буған анам.  
Білсем де денем қатып, мұздарымды,  
Алатын құшағына мекенім сол,  
Қайта барар өзінен туған адам.  
Қарсы алсам да, қара жер, ызғарыңды,  
Ұмытпаспын, еліме жеткізермін,  
Дала арқылы ыңылдап мұң-зарымды.

Күн батса да, қою түн, тұман басып,  
Реңсіз, жарық дүние өңі қашып,  
Жарқырап таң шолпаны көтерілер,  
Жалтырап күнім шығып, таңым атып.

Қара бұлт серпілгенде жатқан шөгіп,  
Даламның шалқып соққан желі жеңіп,  
Көрінер ай сәулесі бұлттан босап,  
Жадырап жер құлпырар, дала кеңіп.

## Білмеймін, мен өмірге неге келдім

Білмеймін, мен өмірге неге келдім,  
Тау ма екен, дала ма екен туған жерім.  
Күн көзі, ай сәулесі, жұлдыз нұры,  
Көрмеймін бедерін де мына жердің.

Аязын қарлы қыстың қалтыратқан,  
Аясын жайлы жаздың жадыратқан.  
Жаным ғана сезеді күн жылуын,  
Жер бетін гүл жазира албыратқан.

Құла дүз, дарқан дала, жерді кезсем,  
Боз жусан, бетегелі белді кезсем.

Дертке дауа, жүрекке жол табам ба,  
Жылы жүз, достық іздеп елді кезсем.

Жігіттер, сөз сөйлеймін сендерге арнап,  
Кім ұқса сөз төркінін терең барлап,  
Елім бар, ризығым бар, мекенім бар,  
Қойған жоқ Құдай мені мүлдем қарғап.

### **Адам көңілі кеңісе**

Түнерген бұлт ашылса,  
Қарлы боран басылса,  
Күннің нұры жарқырап.

Өсімдіктер гүлденсе,  
Шешек атып түрленсе,  
Дәні толып шашырап.

Бақыт дәні шашылса,  
Дән толықсып тасыса.  
Тау суындай сарқырап.

Адамның көңілі кеңісе,  
Алладан өмір берілсе,  
Көл суындай жарқырап.

### **Сенемін қайтып елу келмесіне**

Он жаста көзім жоқ деп ойламадым,  
Есімде еш уайымсыз ойнағаным.  
Аямай құдай неге қарғады деп,  
Білемін кейінірек ойлағаным.

Көп нәрсе отызымда ойға оралды,  
Қызыл тіл ойды оятып жорғалады.  
Қырықтың қырқасынан асқан кезде,  
Торығып көңіл шіркін қорғалады.

Елу келді етектен аламын деп,  
Шідерді аяғыңа саламын деп.

Тарылтып өрісінді, адымдатпай,  
Арқан сап, аяғыңнан шаламын деп.

Алпыс та түр аяндап келемін деп,  
Қолыңа емен таяқ беремін деп.  
Жетпіс шіркін желкеге таянбақшы,  
Мойныңа бұғалық сап, жеңемін деп.

Сенемін қайтып елу келмесіне,  
Жарығын бұл дүниенің көрмесіме.  
Шегіртке жерден теріп жесем-дағы,  
Өмірдің қол созамын кермесіне.

Алланың кім кедергі өліміне,  
Бір күні оның жетіп келуіне.  
Қайтейін, көр ішінде көрікті боп,  
Өтпесем риза болып өміріме.

Сексен менен тоқсанға келгендермен,  
Жүз жасап, екі өмірді көргендермен.  
Төрт мүшемнің біреуі кем болса да,  
Мен де бірдей болармын өлгендермен.

### **Адам деген атым бар**

Өмір бойы жалшылық,  
Кеткенінше жан шығып.  
Тырп етуге шама жоқ,  
Әрекет етіп талпынып.

Бұл не деген қаталдық,  
Бір арқанға маталдық.  
Адамға адам бас иіп,  
Адамның құлы атандық.

Адам деген атым бар,  
Адамшылық салтым бар.  
Адам деген атымды,  
Ластайтын әкім бар.

## Кеткен емес түбінде бір тосылмай

Адам ұшар дәм тартса қаңбақ болып,  
Өссе де шаң тимейтін саңлақ болып.  
Қанат талып, тулаған ойың тозса,  
Ақша жүзің ағарар шаңдақ болып.

Өлеңнің бірі төртеу, бірі сегіз,  
Тірі жанның бірі – адам, бірі – доңыз.  
Зұлым арбап семірсе момындарды,  
Жар жағалап семіреп ала қоңыз.

Толықсып байлар анау жүрген шалқып,  
Көбіктей көл бетінде еркін қалқып.  
Қоршаған екі жүзді жағымпаз жүр,  
Арқалап арамдықтың жүгін артып.

Онбасыдан басталған сордың басы,  
Сорға сіңіп, жосылған көздің жасы.  
Болыс, би, старшина бұйрығы деп,  
Атшабармен жетеді елубасы.

Заманның байқап тұрсаң шарты сондай,  
Алақұйын, алып қаш салты сондай.  
Қарқарасы басында хан болса да,  
Кеткен емес түбінде бір тосылмай.

## Қан қақсатып жылатқан талай жанды

Бұл аймақты бір кезде хан билеген,  
Қара халық тепкіде зар илеген.  
Құдай солай әуелде жаратты деп,  
Құтылудың амалын жан білмеген.

Ел өрледі Алтайдың белесіне,  
Тәуекелдің отырып кемесіне.  
Ханға қарсы халықты аттандырған,  
“Ошағанның бүлігі” әлі есімде.

Қан қақсатып жылатқан талай жанды,  
Көгедай мен Дайырдан мола қалды.  
Жемтік жеген құзғындай жез тырнағын  
Бай-саудагер алқымға тағы салды.

## Асқар тауда асыл көп

Аталы сөзде ақыл көп,  
Асқар тауда асыл көп.  
Атадан алғыс алмаған,  
Өмірден өтер масыл боп.

Шөлдесем сусын беретін,  
Жан ашитын жақын жоқ.  
Мінсең желдей есетін,  
Астымда жалғыз атым жоқ.

Ыза мен кекте себеп бар,  
Сылтауын табар асқынса.  
Қайралған кекке ақ семсер,  
Мұқалмас, сірә, тасқа ұрса.

Жанға демеу – асыл тек,  
Қол ұсынар жақын көп.  
Аранын ашып келсе ажал,  
Жан беремін халқым деп.

## Қүдіретті күшім болса...

Өр Алтай, жайлауыңа келер едім,  
Көркінді көзім болса көрер едім.  
Сауырдың сай-саласын серуендеп,  
Жемісін қызыл жидек терер едім.

Желілеп бие байлап саудырар ем  
Аспаннан ақ меруерт жаудырар ем.  
Кенелтіп Маңырақтың кең етегін,  
Ұрпаққа абзал мұра қалдырар ем.

Күн болсам шұғыламды төгер едім,  
Түнерген қара бұлтты бөгер едім.  
Тамырын арамдықтың жұлып тастап,  
Ұрығын адалдықтың егер едім.

Құс болсам қанат қағып келер едім,  
Адал деп барлық жанға сенер едім.  
Шөліккеп шөлдегенді сусындатып,  
Су тасып қанатыммен себер едім.

Жаңбыр болсам нұр болып жауар едім,  
Жұлдыз болсам жарқырап жанар едім.  
Мекенін ғадалаттың білген болсам,  
Жан қиып, жаһан кезіп барар едім.

Су болсам өзен болып сарқырар ем,  
Мөлдіреп ақ күмістей жарқырар ем.  
Көгертіп жердің бетін гүлге орап,  
Бақытты ғайыптағы шақырар ем.

Жүрмес ем көлеңкемен өзiм қорқып,  
Алаңсыз шәкірт болсам жүрген оқып.  
Ұршықпен достық жiбiн ширатар ем,  
Торындай өрмекшінің өрмек тоқып.

Ай астында ақ астық өсірер ем,  
Аяғымды кең созып көсілер ем.  
Алқапты ойпатыма су қаптатып,  
Бақытты өмір шаттықпен кешірер ем.

Асау суын Ертістің бөгер едім,  
Аясын бау-бақшаға бөлер едім.  
Жарасам жан біткеннің керегіне,  
Армансыз ақ өліммен өлер едім.

Қолымда құдіретті күшім болса,  
Бірдей ғып адамзатты теңер едім.  
Алалап жан иесін адастырмай,  
Тең бөліп ризығын берер едім.

Сонда мен көл-дариядай толқынар ем,  
Бойымды қуанышқа толтырар ем.  
Өлсем де қайта тұрып, бас көтеріп,  
Шаттанып көр үстінде отырар ем.

### **Құдайым көзімді алды көрмесін деп**

Құдайым көзімді алды көрмесін деп,  
Соңынан зұлымдардың ермесін деп.  
Құлақ берді естуге сақ болсын деп,  
Қол-аяқ, қуат берді өлмесін деп.

Тіл берді ойын айтып сөйлесін деп,  
Әлдилеп жүрек сырын тербесін деп.

Өлім берді өлгендер қайта оралып,  
Опасыз бұл дүниеге келмесін деп.

Жер кезіп араласаң ел арасын,  
Еске алып естігенді тере аласың.  
Ми менен сана берген маған Құдай,  
Қимаса да көруге кең даласын.

### **Аңқаулық та ауру аңғармаса**

Мен таныдым өмірді он бесімде,  
Өмірдің жүрмін қалқып кезбесінде.  
Әйтеуір, жан иесі, тірі жүрмін,  
Құдайдың қол созбай-ақ бермесіне.

Мен сенемін іңірді таң десе де,  
У беріп, жанға шипа бал десе де,  
Мен секілді аңқаулар толып жатыр,  
Ойланбас қуыс кеуде жан десе де.

Аңқау сенер бұл дүние тар десең де,  
Аңғармайды алды-артың жар десең де.  
Арбауыңа бас изеп, көне берер,  
Түнекте өмір бойы қал десең де.

Аңқаулық та ауру аңғармаса,  
Құдай да қол созбайды жалбармаса.  
Қамайды бір тұйыққа сүйреп әкеп,  
Жол іздеп, талпыныспен қарманбаса.

### **Ажының арсыздығы**

Ажы хан деп естиміз талай елден,  
“Қанды ауыз қасқыр ед” – деп ол ежелден  
Момын болса, жауығып Көгадайды да  
Өз жұрты оны өлтіріп неге көмген?

Көгадайдың баласы азған Ажы,  
Топтап ұры ұстаған қысы, жазы.  
Дұшпанына батырын ұстап беріп,  
Ада болып адамдық жолдан азды.

Ажы алмас, ажал алар тура келсе,  
Біреу тірі қалмай ма, біреу өлсе.  
Ажал кеп жалғыз Ажы жан тапсырса,  
Біте ме бұл дүние Ажы өлсе.

Құдай берген тілімді кесе алмассың,  
Мені өлтіріп мұратқа жете алмассың!  
“Асқынғанға Алла бар” дейді халық,  
Қаһарына кездеспей кете алмассың.

Мен өлсем де іргелі ел құрымас,  
Обыр болып сорсаң да көл құрымас.  
Кең далаға кеңірек созсаң-дағы,  
Кіндігі кең көсілген жер құрымас.

Біздер кедей болсақ та, сендер байсың,  
Жүген-құрық тимеген асау тайсың.  
Кісі өлтіріп, қанжығаң қандаса да,  
Алдың асу асқар тау, аса алмайсың!

### Оразбай молдаға

Қолда – құран, аузында Алласы бар,  
Өтірік-өсек жинайтын молдасы бар.  
Зекет, құшыр, садақа, пітір дейтін  
Алла атынан түсірер олжасы бар.

Әжуасы Алланың бітпеді ме?  
Пендесін жүндей жұлып түткені не?  
Қырық парыз қалмады қыр соңымнан,  
Қаза ғып әлде бірін күтпеді ме?

Амал бар ма Алланың ажалына,  
Адам көнбес адамның мазағына.  
Жан иесін жаратқан өзі Құдай,  
Неге қор ғып салады мазағына?

Ноғайбайдың сөзінің қайымшасын,  
Құрдан тоқып тартыпты айылшасын.  
Бетім шұбар, көзімді соқыр етті,  
Сойған жоқ ем Құдайдың тайыншасын.

Бүйтіп тірі жүргеннен өлген артық,  
Көміліп көр азабын көрген артық.



Өксiк өмiр кешкеннен не табамын,  
Екi дүние азабын бiрдей тартып.

### Жатақ

Ноғайбайдың арыды көк дөнeнi,  
Желқом ерден оның жоқ көрмегенi.  
Қадам басып жатақтан ұзай алмай,  
Көктекшенi көп болды көрмегенi.

Қозғалуға жатақтың халi де жоқ,  
Аяқ артып, жүк қомдар малы да жоқ.  
Қараңғыда қармаған қолы қысқа,  
Ататұғын Құдайдың таңы да жоқ.

Әкiм де жоқ есiркер атыңды атап,  
Жаны ашып дейтұғын “сорлы жатақ”.  
Тұнық су мен ну жердi қоршап алып,  
Жылжытпай-ақ бiр сүйем қойды матап.

Бiтпес бейнет жатақтың көрген күнi,  
Көн терiлi жаралған жаны сiрi.  
Қысқы аязда бүрiсiп шым қорада,  
Көруден де қалатын бiрiн-бiрi.

Түн де жоқ тыныш ұйықтап жататұғын,  
Түншықтырып талайды маса, шыбын.  
Шитөбенiң шиiне оралғандай.  
Дәрменi жоқ сытылып қашатұғын.

### Шәкен болысқа

Мен – адаммын, емеспiн малдың құлы,  
Болмасам да беделдi байдың ұлы.  
Кедейдiң малдан гөрi ары қымбат,  
Малменен өтелмейдi ардың құны.

Мен айтамын өлеңдi арыма арнап,  
Жүрек қағып, қайнаған қаныма арнап.  
Мен емеспiн пайда үшiн ел қыдырып,  
Көрiнгеннiң сарнайтын малына арнап.

Ақыл – дария, адамға білім – теңіз,  
Жомарт жүрек, күш-қайрат – екеуі егіз.  
Күшті білек, сезетін ойы – таяз.  
Шәкен болыс сондықтан болған семіз.

### **Ондайлардың еліне пайдасы жоқ...**

Ондырмас ұрыншақтық әр нәрсеге,  
Аңдамасаң соқтырар әр кеселге.  
Арам ойлы залымдар толып жатыр,  
Әр қылығын болатын зәр десе де.

Тоңмойын көңіл қойып бұрылмайды,  
Әділдік, адамшылық бар десең де.  
Адамның бойындағы ардақтысы –  
Тындамас, ұят пенен ар десең де.

Көз жетеді олардың көнбесіне,  
Қатарыңа жақындап келмесіне.  
Адалдықтың ұрығын ексең-дағы,  
Мен кепіл одан дәннің өнбесіне.

Болмадың одан күдер үз десем де,  
“Сен” демей, сене көрме “Сіз” десе де.  
Олардың көлеңкесін көре алмайсың,  
Жер бетін жеті айналып іздесең де.

Жүрген жерің болады даң десең де,  
Алды – тұман, арт жағын шаң десең де.  
Достық пен дұшпандықты қатар қойып,  
Жуымас бірін таңдап ал десең де.

Ондайлардың еліне пайдасы жоқ,  
Жанталасып өзі үшін қам жесе де.  
Ұжмақ пенен тозаққа сенбейді олар,  
Шошытып екі дүние бар десең де.

### **Смайылға Ноғайбайдың айтқаны**

Мен тудым атам уақ, Қаракөзден.  
Өлеңге құмар болдым бала кезден.  
Сан алуан жүйрікпен айтысқанда,  
Ешкімге дес бермедім қара сөзден.

Көзім соқыр, өне бойым тілім-тілім.  
Жапа шектім бір Шәке ала көзден.  
Содырлардан қайтпаған қызыл тілім  
Бір мүсәпір жан етті дала кезген.

Өлең қаулап шығады қонса ғана,  
Мінсіз болып естілер жонса ғана.  
Сіз білгенді үлгі етіп берер едім.  
Өзіме бір қорғаныс болса ғана.

### Ноғайбайдың әні

(Ән)

Ноғайбайдың көзіне айран тамған,  
Бұл айран өзінде жоқ қайдан тамған?  
Болса да өзінде жоқ, елінде бар,  
Жүргенде іркіт пісіп, содан тамған.

Қайырмасы:

А- А- Ай!  
Көтеріп қой, жұртым,  
аридай, аридай,  
ари, ари, аридай!

Болсам да көзім соқыр Ноғайбаймын,  
Ішінде шаршы топтың жоғалмаймын.  
Алдында ағалардың әнге салып,  
Құрбыдан орамал, шыт неге алмаймын.

Қайырмасы.

### Мырзаш батырды жоқтау

Көрмейін-ақ деп едім,  
Табытыңды көрдім мен  
Анық ажал келмей-ақ  
Тірідей бүгін өлдім мен.

Ел қорғаған арысым,  
Қайғыңа жұртты көмдің сен

Еліңе туған келіпсің,  
Тағдырға асау көніпсің.

Бір шыбындай жаныңды  
Ел үшін ақыр беріпсің.

О, батырым, сабазым,  
Тағдырдан болдың сен жазым,  
Көнбес іске көндірді,  
Бұған жоқ-ты ылажым!

### **Жұмбақ шай** (дастан)

Ойласақ, өмір жолы – тармақ-тармақ,  
Көз салсақ алды-артына терең барлап.  
Еске алсақ естігенді теріс емес,  
Айтайын бір әңгіме сіздерге арнап.

Найман жері айдынды Алтай екен,  
Қалба мен Тарбағатай алқабы екен.  
Жаз болса, Маңырақ, Сауыр жайлаймыз деп,  
Жүктерін ел ертерек артады екен.

Еженнен Бәуке байға хат келіпті,  
Сұм жалған солардан да жалт беріпті.  
Кісі екен “шарапатты” Бәуке бабам,  
Еженге “екі басты” ат беріпті.

Бәуке бай болған дейді ел ағасы,  
Іргелес Құлжа деген өр қаласы.  
Алқабы ен аймақты алып жатқан  
Іле мен Еміл бойы кең даласы.

Өрісі болса керек Іле бойы,  
Атадан қоныс еткен түбегейлі.  
Мамырлап семіздіктен қалады екен,  
Мыңғырып өрістеген қалың қойы.

Мақаншы, Үржарменен қатар екен,  
Күні ұялап, таңы бірге атады екен.  
Күз болып, ел жайлаудан қайтқан кезде  
Тағамды бір табақтан татады екен.

Ол жақта ызғарлы қар жатпайды екен,  
Өзен-су қысқы аязда қатпайды екен.

Жаз болса, жеміс- жидек дән өсіріп,  
Жиналып азаматтар баптайды екен.

“Бәбік” деген жота бар осы өңірде,  
Бәукенің мекені деп атайды екен.  
Бауырында “Қосбейіт” пен “Қойынжар” бар,  
Соған жылқы Бәуке бай матайды екен.

Жылқым бар деп ол кісі қарамайды,  
Жылына бір-ақ рет аралайды.  
Көз мөлшер “Қойынжарға” иіреді,  
Білем деп артық-кемін санамайды.

Бір кезде қалмақ-қазақ жауласыпты,  
Қалмақтар бұл аймаққа жармасыпты.  
Қалмақ пенен Қытайдың әкімдері  
Өзара екі ұдай боп дауласыпты.

Мақаншы, Үржар – кең алқап ел ырысы,  
Ежелгі кең өрістің белгілісі.  
Сол жақта мекендеген Бәуке бабаң,  
Болыпты заманында белді кісі.

Көршілес қазақ пенен қытай, қалмақ,  
Егессе, бірін-бірі жеңіп алмақ.  
Белгілі салтанаты екі елге де  
Сый-сияпат беріп тұрған Бәукеге арнап.

Ежен хан елші сапты келемін деп,  
Бәукенің салтанатын көремін деп.  
Егер де екі басты ат сыйға берсе,  
Жерімнен үлкен үлес беремін деп.

Бәуке бай жылқысына барған екен,  
Кеңейту ел қонысын арманы екен.  
Жылқымды аралайын деп ойлапты,  
Мұндай мал табиғатта болған ба екен?

“Қойынжар” кең аймақты қорған екен,  
Жайқалған төңірегі орман екен.  
Құлынын бөрі жемей, тайы ұрланбай.  
Еліне құт-береке болған екен.

Бәуке бай жылқысына барған екен,  
Қасына дос-жаранын алған екен.

Жылқыны “Қойынжардан” шұбыртқанда,  
Бөлініп тоғыз саяқ қалған екен.

Бір жағы – ақбоз, бір жағы – мақпал қара  
Саяқты Бәуке көзі шалған екен.  
Екі басты ат деген осы ғой деп,  
Екеуін тоғызынан таңдап ұстап,  
Еженге сыйға тартпақ болған екен.  
Қорғанға қалың жылқы қайта ойысып,  
“Қойынжар” тағы лықсып толған екен.

Бәуке бай жетпек болып айтқанына,  
Мінгізген жігіттерін аттарына.  
Біреуі саяқтардың күш бермепті,  
Жабыла бұғалық сап тартқанына.

Тауымен Тарбағатай өрлей қашып,  
Тоқтапты “Бөлебайдың шатқалына”.  
Асауды ұстаған соң байқап көрсе,  
Дөңгелек қалы біткен қапталына.  
Бейне бір шеңберленіп толған айдай.  
Секілді әділ жүрек өлшеп бөлген,  
Ағы менен қарасын қақ жарғандай.

Екі атты Бәуке ауылға алдырады,  
Күмістен “құлақ сырға” салдырады.  
Жануар дәулетімнің құты екен деп,  
Қашқан атты үйірде қалдырады.

Бәуке бай парасатты білгір еді,  
Байлықпен салтанатын білдіреді.  
Еженнің сырын ашар сын осы деп,  
Тәбетті екі атпенен жүргізеді.  
Тәбет тілмаш екі ат ап барған екен,  
Ежен хан оны қарсы алған екен.  
Жібекке орап Тәбеттің қоржынына  
“Тәтті шай” Бәукеге арнап салған екен.

Аманат қиянатсыз апар депті,  
Көз салып көлеміне байқар депті.  
Зор дәреже белгісін тағы беріп,  
“Бұл – сыйым Бәуке байға тартар” – депті.

Ол кезде дау-шары көп жер бөлістің,  
“Жұмбақ шай” куәсі екен мол өрістің.

Ежелден Еміл бойы мекенің деп,  
Көрсеткен шекарасын кең қоныстың.

Тәбетті құдай жолда атқан екен,  
Батпағы сұм құлқынның тартқан екен.  
Құнына екі жамбы күміс алып,  
Сол шайды бір қалмаққа сатқан екен.

Кешікпей Досан батыр хабар алған,  
Көп жерді зирек екен аралаған.  
Сыйлықтың ең үлкенін алмаппыз деп,  
Өзі кеп Бәуке байға хабарлаған.

Тәбетке Бәуке айтыпты: “Оңалмассың,  
Он үй, сірә, ешқашан бола алмассың.  
“Ел қарғысы оңдырмас” деуші еді ғой,  
Үш үй болып бір жерге қона алмассың”.

Күл төккен Үржар бойы Бәуке бабаң  
Деседі алыс емес осы арадан.  
Зираты болса керек сол өңірде,  
Әлі тұр деп айтады көрген адам.

Өлшеулі тіршілікке басқан қадам,  
Тосылар арамдықпен асқан адам.  
Сыры деп “Жұмбақ шайдың” ел айтады,  
Осымен сөз аяғы болды тамам.

## Ноғайбайдың Зылихамен айтысы

**Ноғайбай:**

Ішінде қалың Найман әкем туған,  
Мен, Ноғайбай, жасымнан өлең қуған.  
Көзімді алып, құдайым сөз беріпті,  
Болсын деп жүрген жері күнде думан.

**Зылиха:**

Жиын десе, Ноғайбай, жының бар ма,  
Ел қыдырмай жүретін күнің бар ма?  
Сал жігіт салтанатты сен емессің,  
Келісті, ел көретін түрің бар ма?

**Ноғайбай:**

Көзің соқыр демесең, мінім қайсы,  
Соқыр көрсе иектер жының қайсы.  
Ел дария болғанда, біз қоңыр қаз,  
Елсіз жерде көретін күнің қайсы?

**Зылиха:**

Елге қонбас қоңыр қаз көл болмаса,  
Естігеннің бәрі ағат көз болмаса.  
Ел қолында сайраған мен бір бұлбұл,  
Сөз бермейтін сыңар жақ кез болмаса.

**Ноғайбай:**

Есерсоқсын, Зылиха, той тойлаған,  
Суық жүріс әдетің бір қоймаған.  
Жол жағасы бір түп ши пана тапса,  
Кім көрінген сүйрелеп, сор қайнаған.

**Зылиха:**

Көзі соқыр, кейіпсіз түрі шұбар,  
Кеудесінде жаны бар тірі шығар.  
Кім екенін білмеймін, кез келіпті,  
Өсек-аяң тергеннің бірі шығар.

**Ноғайбай:**

Асыл жасық болмайды кеміткенмен,  
Есек жылқы болмайды семірткенмен.  
Адам болып келіп ең қай балшықтан,  
Қалай жүріп-тұрса ерік берген.

**Зылиха:**

Адам болып келіп ең қай балшықтан,  
Ауырғаның жоқ па еді айланшықтан.  
Тіл-жағыңа сүйенбей жөніңді айтшы,  
Адамсың біз білмейтін қайдан шыққан?

**Ноғайбай:**

Руым – Қаракерей, шешем – Мұрын,  
Жеті ата Жолымбетке төккен нұрын.  
Батыры Қаракерей ер Қабанбай,  
Аталған кімнің аты одан бұрын...